e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 26.12.2019
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 26.12.2019
Дата скачивания 29.03.2024

Сәтбаев қаласының мәслихаты

Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 488 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 5615 болып тіркелді

Маслихат г. Сатпаева

Сәтбаев қалалық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 130 «Нысаналы мақсаты мен пайдаланылу режимі бойынша аумақтарды айқындай отырып, Сәтбаев қаласы жерлерін аймақтарға бөлу схемасын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Сәтбаев қалалық мәслихаты **ШЕШІМ** ЕТТІ:

1. Сәтбаев қалалық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 130 «Нысаналы мақсаты мен пайдаланылу режимі бойынша аумақтарды айқындай отырып, Сәтбаев қаласы жерлерін аймақтарға бөлу схемасын бекіту туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2323 болып тіркелген және 2013 жылғы 10 мамырдағы «Шарайна» № 19 (2054) газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы **К. Жанасылова**

Сәтбаев қалалық мәслихатының хатшысы **Т. Хмилярчук**

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды


Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 26.12.2019
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 26.12.2019
Дата скачивания 29.03.2024

Сәтбаев қалалық
мәслихатының
2019 жылғы 26
желтоқсандағы
№ 488
шешіміне қосымша

Сәтбаев қалалық мәслихатының
2013 жылғы 29 наурыздағы
№ 130 шешіміне қосымша

Нысаналы мақсаты мен пайдаланылу режимі бойынша аумақтарды айқындай отырып, Сәтбаев қаласы жерлерін аймақтарға бөлу СХЕМАСЫ



СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ АУМАҒЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ АЙМАҚТАРЫ

Р/н №	Функционалдық аймақтың №-і	Функционалдық аймақтар

1	2	3
1.	I	тұрғын+қоғамдық-іскерлік аймақ
2.	II	шағын және орта бизнестің өндірістік объектілері бар тұрғын аймақ
3.	III	өнеркәсіптік (өндірістік) аймақ
4.	IV	парктер, гүлзарлар аймағы
5.	V	инженерлік және көлік инфрақұрылымы аймағы
6.	VI	режимдік аумақтар аймағы
7.	VII	бағбандық қоғамдар аймағы
8.	VIII	арнайы мақсаттағы аумақтар аймағы
9.	IX	су объектілері аймағы
10.	X	тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің аймағы
11.	XI	бүлінген жерлер аймағы
12.	XII	қоныс аудартуға жататын аймақ
13.	XIII	қала тұрғындарын ауыл шаруашылығы өнімімен қамтамасыз ету жөніндегі әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға арналған ауыл шаруашылығында пайдаланылатын аймақ
14.	XIV	ауыл шаруашылығына пайдаланылатын, резервтегі және өзге де қала құрылысы қызметіне тартылмаған жер аймағы